

2006 жылға арналған мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздар қаражаты есебінен қаржыландырылуға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 мамырдағы N 442 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылға арналған мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздар қаражаты есебінен қаржыландырылуға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 23 мамырдағы
N 442 қаулысымен

бекітілген

2006 жылға арналған мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздар қаражаты есебінен қаржыландырылуға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі
(млн. АҚШ долл.)

Р/с N №	Жобаның атауы	Жобаның жалпы құны	Іске асыру кезеңі (жылдар)	Мемлекеттік кепілдіктің мөлшері	Қарыз алушы
1	Қазақстан Республикасының жолаушылар вагондарының паркін жаңарту	100,00	2007-2010	100	"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ
2	Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту	248,50	2006-2008	62	"Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" РМК
3	Мойнақ су электр станциясын салу	250,00	2005-2009	75	

					"Мойнақ СЭС" АҚ
--	--	--	--	--	--------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК